

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының
2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024-2028 жылдарға арналған
стратегиялық жоспарының іске асырылуы туралы
ЕСЕП**

Есеп кезеңі: 2024 жыл

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орынд алмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
	1	2	3	4	5
1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету					
1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу					
1	Инфляция деңгейі	%	7,5-9,5%	8,6%	орындалды
2	Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)	тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының айларымен	кемінде 5 ай	7,5 ¹ ай	орындалды
2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу					
2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару					
3	Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі	%	5-10%	5,4%	орындалды
2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау					
4	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі	%	кемінде 10%	22,85 %	орындалды
5	Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі	%	кемінде 30%	33%	орындалды
3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару					
3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ету					

¹ Алдын ала дектер. 2025 жылғы наурызда соңғы деректер қалыптастырылады деп күтіледі.

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
6	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгеру)	%			
6.1	Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі		18-24%	18,87%	орындалды
6.2	Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі		7-13%	9,15%	орындалды
6.3	Дамыған елдер акциялары портфелінің үлесі		27-33%	36,30%	110% орындалды, нақты мәннің болжамды мәннен ауытқуы 10% болды
6.4	Балама құралдар портфелінің үлесі		2-8%	2,83%	орындалды
6.5	Алтын портфелінің үлесі		2-8%	5,91%	орындалды
3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан артуы					
7	БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 жылда инфляциядан ауытқуы	%	0-1%	1,16%	116% орындалды, нақты мәннің болжамды мәннен ауытқуы 16% болды
4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржы технологияларын дамыту					
4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу					
8	Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті	%	кемінде 90%	90%	орындалды
4.2-мақсат. Цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру					
9	Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері	бөлшек сауданың жалпы көлеміне %	кемінде 77%	89%	орындалды
5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі					
5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту					

	Нысаналы индикатордың атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Ескертпе (орындалуы/орынд алмауы туралы ақпарат)
			Жоспар	Нақты	
10	Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау	жарияланымдар саны (working papers, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» шығарылымындағы, академиялық журналдардағы мақалалар және басқалары)	кемінде 20	27	орындалды
11	Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну	саны (зерттеу гранттары және басқалары)	кемінде 4	4	орындалды

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарының
іске асырылуы туралы 2024 жылғы есепке
ТАЛДАМАЛЫҚ ЖАЗБА**

Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

1-стратегиялық бағыт. Баға тұрақтылығын қамтамасыз ету

1.1-мақсат. Тиімді ақша-кредит саясатын жүргізу

1-нысаналы индикатор: Инфляция деңгейі

2024 жылы Ұлттық Банк инфляциялық таргеттеу қағидаттарын ұстана отырып, ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырды.

Ұлттық Банктің іске асырылып жатқан саясаты Инфляция деңгейін бақылау және төмендетудің кешенді шаралары шеңберінде Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларымен бірге инфляцияны 2023 жылғы ақпандағы 21,3%-дық шарықтау шегінен 2024 жылғы желтоқсанда 8,6%-ға дейін төмендетуге ықпал етті (2023 жылғы желтоқсанда 9,8%). Инфляция белгіленген 7,5-9,5% болжамның ортасына жақын қалыптасты.

Бұдан кейінгі кезеңдерде ақша-кредит шарттарының орташа қатаң сипатын сақтау инфляцияның төмендеуіне және орта мерзімді перспективада 5% деңгейінде тұрақтандыруға ықпал етеді.

2-нысаналы индикатор: Жалпы халықаралық резервтер (Халықаралық валюта қорының ең төменгі ұсынымдарынан жоғары)

Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтерінің көлемі (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша 45,8 млрд АҚШ доллары (2024 жылдың басында 35,9 млрд АҚШ доллары) болып бағаланды, бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 7,5² айын қаржыландыруды қамтамасыз етті. Осылайша, нысаналы индикатордың мәні іс жүзінде жоспарлы көрсеткіштен асып түсті.

Анықтама үшін: Индикатор тиісті кезеңнің соңындағы Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері көлемінің (Ұлттық қордың активтерін есепке алмағанда) есепті күннің алдындағы 12 айдағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер импортының орташа айлық деңгейіне арақатынасы ретінде есептеледі.

Импорт базасындағы резервтік активтердің жеткіліктілік индикаторы алтынвалюта резервтерінің деңгейін экономиканың мөлшерімен және ашықтығымен салыстыру үшін қолданылады және валюта ресурстарының кез келген ағыны толық тоқтатылған жағдайда, ел өзінің қазіргі импорт деңгейін қамтамасыз ете алатын уақыт кезеңін көрсетеді. Бұл өлшемшартты негізінен импорт төлем балансындағы шығысының маңызды бабы болып табылатын елдер қолданады. Әлемдік практикаға сәйкес **3 айдағы** тауарлар мен қызметтер импортының құнына сәйкес келетін резервтік активтердің шамасы ең аз жеткілікті болып саналады (ХВҚ ұсынымдарына сәйкес). Ұлттық Банк үшін шекті деңгей 5 ай деңгейінде айқындалған.

² Алдын ала деректер. 2025 жылғы наурызда соңғы деректер қалыптастырылады деп күтіледі.

2-стратегиялық бағыт. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу

2.1-мақсат. Қаржылық тұрақтылық тәуекелдерін бағалау және басқару.

3-нысаналы индикатор: Жарғылық капиталды ескере отырып, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының арнайы резервінің деңгейі

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, арнайы резервтің нақты мөлшері 1,325 трлн теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасынан 5,4%-ды құрады. Осылайша, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жарғылық капиталдың 70%-ын ескере отырып, арнайы резервтің нақты деңгейі арнайы резервтің жоспарлы деңгейіне сәйкес сақталуда.

Анықтама үшін: «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор) арнайы резерві қатысушы банк барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ бір банктің активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке беру жөніндегі операцияны жүргізу кезінде банк мүлкінің мөлшері мен кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері арасындағы айырманы толтырған кезде ең алдымен жеке тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің депозиттері бойынша төлемдерді қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Арнайы резерв жинақтаушы негізде негізінен депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тоқсан сайынғы жарналары, сондай-ақ жинақталған резервті инвестициялаудан түскен кірістер есебінен қалыптастырылады. Арнайы резерв қаражаты барынша сақталу және олардың құнын жоғалтудың ең аз тәуекелі қағидаты бойынша инвестицияланады. Сонымен қатар Қордың арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда, кепілдік берілген өтемақы төлемдерін жүзеге асыру үшін Қордың меншікті қаражаты да – жарғылық капиталдың 70%-ы пайдаланылуы мүмкін.

2.2-мақсат. Тиімді валюталық реттеу мен валюталық бақылау

4-нысаналы индикатор: ҚР валюталық заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын уәкілетті банктердің үлесі

Ұлттық Банк уәкілетті банктерді валюталық заңнаманың талаптарын сақтау тұрғысынан дербес тексеруде (тәуекелдер дәрежесі негізінде).

2024 жылы тексерумен қамтылған уәкілетті банктердің үлесі жоспарлы мәннен (10%) асып, олардың жалпы санының 22,85%-ын құрады. Жыл ішінде 35 банктен 8 уәкілетті банк тексерілді, атап айтқанда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Қазақстандағы Қытай Банкі» ЕБ АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Банк Центркредит» АҚ, «Заман-Банк» ИБ АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің» «Halyk Finance» еншілес ұйымы АҚ, «First Heartland Jusan Bank» АҚ.

Валюталық заңнама талаптарын бұзғаны үшін уәкілетті банктер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті банктерді тексеру барысында анықталған бұзушылықтарды жоюы туралы талаптар да шығарылды.

Анықтама үшін: «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті банктерге Қазақстан Республикасында құрылған

банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (уәкілетті ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын, оның ішінде клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізетін шетелдік банктердің филиалдары жатады.

5-нысаналы индикатор: Тәуекел дәрежесін бағалау негізінде тексеруге жататын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына Ұлттық Банктің лицензиясы негізінде қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үлесі

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 391 уәкілетті ұйымда қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуге жарамды лицензиялары болды.

2024 жылы Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары тәуекел дәрежесін бағалау негізінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша уәкілетті ұйымдарға 129 тексеру жүргізді (уәкілетті ұйымдардың жалпы санынан 33%).

3-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері мен БЖЗҚ зейнетақы активтерін тиімді басқару

3.1-мақсат. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақ портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлудің сақталуын қамтамасыз ету

6-нысаналы индикатор: Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жинақтау портфелінің активтерін теңгерімді стратегиялық бөлуді қолдау (қайта теңгеру)

6.1-нысаналы индикатор: Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелінің үлесі

6.2-нысаналы индикатор: Корпоративтік облигациялар портфелінің үлесі

6.3-нысаналы индикатор: Дамыған елдер акциялары портфелінің үлесі

6.4-нысаналы индикатор: Балама құралдар портфелінің үлесі

6.5-нысаналы индикатор: Алтын портфелінің үлесі

2024 жылы Ұлттық Банк Ұлттық қордың жинақ портфелінің активтерін стратегиялық бөлуді ұстанды.

Дамыған елдердің жинақ портфелінде акциялар портфелінің үлесі Ұлттық Банктің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында айқындалған 27-33% мөлшеріндегі нысаналы көрсеткіштен асып түсіп, 33,19%-дан **36,30%-ға** дейін өсті. Акциялар үлесінің ұлғаюы АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесінің мөлшерлемелері төмендеуі, инфляция тұрақтануы, корпоративтік пайда, атап айтқанда технологиялар мен энергетика секторларында өсуі, әлемде геосаяси жағдайдың жақсаруын күту аясында

дамыған елдердің акциялар нарығы өсуіне (19,4% мөлшерінде) байланысты болды.

2025 жылы, Ұлттық қордан республикалық бюджетке (5,25 трлн теңге) бекітілген трансферт көлемі және Ұлттық қорға болжанған түсімдер шеңберінде тұрақтану портфелінің біршама қысқаруы күтіледі. Ұлттық Банк Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 65 қаулысымен бекітілген Ұлттық қордың инвестициялық операцияларын жүзеге асыру қағидаларының 28-1-тармағына сәйкес егер тоқсанның қорытындысы бойынша тұрақтану портфелінің мөлшері 5 миллиард АҚШ долларынан аз болса, оны толықтыруға арналған қаражат тоқсанның соңынан кейін бір ай ішінде жинақ портфелінен тұрақтану портфеліне аударылады. Мәселен, 2025 жыл ішінде тұрақтандыру портфелін толықтыру Ұлттық қордың жинақ портфелінен қаражат алу есебінен жүзеге асырылады, бұл ретте үлесі Ұлттық Банктің стратегиялық жоспарында белгіленген нысаналы көрсеткіштерден асатын активтер сыныптарынан алынатын болады. Нәтижесінде 2025 жылдың соңына қарай жинақ портфелінде акциялар үлесінің төмендеуі күтілуде, бұл оны Стратегиялық жоспардың нысаналы көрсеткіштеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Алтын портфелінің үлесі 5,05%-дан 5,91%-ға дейін өсті. Алтын үлесінің өсуі алтын бағасының геосаяси тұрақсыздық нәтижесінде өсуіне (27%-ға), пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне және орталық банктердің алтынға деген сұранысының артуына байланысты болды.

Дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларының үлесі 19,93%-дан 18,87%-ға дейін, корпоративтік облигациялардың үлесі 9,65%-дан **9,15%-ға** дейін төмендеді. Облигациялар үлесінің азаюы негізінен есепті кезеңдегі акциялар мен алтын портфелінің барынша қарқынды өсуімен байланысты.

Жинақ портфеліндегі **балама құралдар портфелінің үлесі** өткен жылғы 2,89% деңгейден шамалы төмендеп, **2,83%** деңгейінде қалыптасты. Фискалдық саясат тұрақтанғаннан және Ұлттық қордан қаражат алу азайғаннан кейін одан әрі өсу мүмкіндігін қарастыра отырып, баламалы құралдар үлесін **5%-ға** дейін ұлғайту жоспарлануда.

3.2-мақсат. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан артуы

7-нысаналы индикатор: БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі жылдық мәнде соңғы 10 жылдағы инфляциядан ауытқуы

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің соңғы 10 жылдағы орташа жылдық кірістілігі (2015-2024жж.) сол кезеңдегі орташа жылдық инфляция кезінде 9,37% мөлшерінде 10,54%-ды құрады.

Анықтама үшін: 2024 жылы кірістілік 8,60% инфляциямен 17,84%-ды құрады.

Нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін есепті кезең ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызмет жүзеге асырылды. 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық

қорын басқару жөніндегі кеңес 2024-2025 жылдарға мақұлдаған бағыттар шеңберінде БЖЗҚ зейнетақы активтері мынадай түрде инвестицияланды:

- 12,6% жылдық орташа өлшемді кірістілікпен 1 366,1 млрд теңге сомаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- 13,5% жылдық орташа өлшемді кірістілікпен 386,0 млрд теңге сомаға Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары сатып алынды;
- 13,0% жылдық орташа өлшемді кірістілікпен 270,6 млрд теңге сомаға екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сатып алынды;
- 12,5% жылдық орташа өлшемді кірістілікпен 25,0 млрд теңге сомаға халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары сатып алынды.

Шетелдік нарықтарда әртараптандыру және инвестициялау мақсатында 2024 жыл ішінде БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфеліне 3,6 млрд АҚШ доллары көлемінде шетел валютасы сатып алынды, бұл портфельдің валюталық үлесін 40%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2024 жыл ішінде зейнетақы активтерінің валюталық портфелінің құрылымын белгіленген стратегиялық аллокацияға келтіру жөніндегі жұмыс жалғасты. Мәселен, валюталық портфельден дамыған елдер облигацияларының үлесі 28,5%-ға дейін (нысаналы мәні 30%), дамушы елдер облигацияларының үлесі – 22,2%-ға дейін (нысаналы мәні 25%), корпоративтік облигациялардың үлесі – 19,8%-ға дейін (нысаналы мәні 20%), акциялардың үлесі – 26,4%-ға дейін (нысаналы мәні 25%) ұлғайды.

2024 жылы зейнетақы активтері жалпы сомасы 2 905,0 млн АҚШ доллары мөлшерінде, оның ішінде 975,0 млн АҚШ доллары «Жаһандық акциялар» мандаттары бойынша, 900,0 млн АҚШ доллары «Дамушы елдердің облигациялары» мандаты бойынша және 1 030,0 млн АҚШ доллары «Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар» мандаты бойынша шетелдік басқарушы компаниялардың сыртқы басқаруына берілді.

Сонымен қатар, БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілікті алу және ұстап тұру үшін бос ақшалай қалдықтар кірістілігі бойынша ақша нарығының құралдарына жылдық 13,0%-дан 16,5%-ға дейінгі ауқымында күн сайын инвестицияланды.

Ұзақ мерзімді кезеңде БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша неғұрлым жоғары нақты кірістілікті алу зейнеткерлікке шығу кезінде зейнетақы төлемдерінің барабарлығын көрсететін кірісті алмастыру коэффициенті өсуін қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Осыған байланысты Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару кезінде нақты кірістілікті барынша арттыруға бар күш-жігерін салады.

Болашақта БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің жыл сайынғы нысаналы нақты кірістілігін ұзақ мерзімді кезеңде 2% деңгейіне дейін арттыру жоспарланып отыр. Осы мақсат үшін зейнетақы активтері портфелінің аллокациясын тұтастай қайта қарау, оның ішінде валюта портфелі активтерінің барынша көп кірісі бар сыныптарын ұлғайту жоспарланып отыр.

4-стратегиялық бағыт. Қаржы секторының инфрақұрылымын құру және қаржылық технологияларды дамыту

4.1-мақсат. Қаржы нарығында қаржылық технологиялар мен инновацияларды енгізу

8-нысаналы индикатор: Ұлттық Банк Басқармасының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 101 қаулысымен бекітілген Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде іске асырылған стратегиялық бастамалардың коэффициенті

2024 жылы Қаржы технологиялары мен инновацияларды дамыту жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі жол картасында «SupTech және RegTech – жоғары технологиялық өзара іс-қимыл жасау, деректерге негізделген қадағалау мен реттеуді дамыту» стратегиялық бастамасын орындау шеңберінде **2 бағыт (іс-шара) бойынша** жұмыстар жоспарланды, оларды іске асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – ҚРҰБ), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – ҚНРДА) және «Банктік сервис бюросы» АҚ-қа (бұдан әрі – БСБ АҚ) бекітіп берілді.

Негізгі басымдық – «Цифрлық реттеуші»

«Suptech және RegTech – жоғары технологиялық өзара іс-қимыл жасау, деректерге негізделген қадағалау мен реттеуді дамыту» бастамасы

«Деректермен жұмыс инфрақұрылымын (деректерді сақтау орны, деректерді басқару жүйесі және т.б.) дамыту және деректер сапасын бақылау тетіктерін әзірлеу» бағыты (іске асыру мерзімі – 2024 жылғы 2 тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА, «БСБ» АҚ).

Мәртебесі: Орындалды.

2024 жылы ҚРҰБ 2025-2029 жылдарға арналған цифрландыру және деректерді басқару стратегиясын (бұдан әрі – Стратегия) әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілді, ол 2025 жылдың соңында бекітілді (*ҚРҰБ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №105 қаулысымен бекітілді*).

Стратегия шеңберінде бес жылдық кезеңге true data-driven Орталық банк болу стратегиялық мақсаты тұжырымдалды. Осы мақсатқа жету үшін ҚРҰБ міндетін дамытудың үш негізгі бағыты айқындалды:

1. ҚРҰБ-ның ағымдағы талдамалық ландшафтын технологиялық және операциялық «жаңғырту». Бұл бағыттағы жұмыс қолданыстағы деректер ландшафты архитектурасын және деректерді басқарудың операциялық моделін жаңғыртуға бағытталған, оған келесі аспектілер кіреді.

- Деректер фабрикасын әзірлеу: қызметкерлерді деректермен тиімді жұмыс істеу үшін нарықтағы ең жақсы құралдармен (Business Intelligence құралдарын қоса алғанда) қамтамасыз ету үшін «ДСО» ААШЖ технологиялары базасында толыққанды Деректер фабрикасын құру;

- деректерді басқарудың операциялық моделін ендіру: жаңа рөлдерді іске асыру, ҚРҰБ құрылымдық бөлімшелерін жасақтау (құралдар мен оқыту), сондай-ақ барлық қатысушылар арасында жауапкершілік пен функционалды бөлетін өзара іс-қимыл моделін құру.

2. ҚРҰБ-тың талдамалық деректер пайдаланылатын процестерін озық талдама құралдарымен қамтамасыз ету. Бұл бағытқа машиналық оқыту (ML), жасанды интеллект (AI) және генеративті жасанды интеллект (GenAI) сияқты деректерді өңдеу мен талдаудың озық технологиялары кіреді және мына аспектілер қамтылады:

- Жетілдірілген талдама мен AI орталығын құру: Орталық ҚРҰБ құрылымдық бөлімшелерінің аналитикалық гипотезаларын іздеуді, жедел тексеруді және операциялық қызметке енгізуді қамтамасыз ететін ҚРҰБ-тың жаңа құрылымдық бөлімшесі болады;

- ҚРҰБ талдаушылары үшін AI-ассистентті әзірлеу: бұл операциялық міндеттерді орындаудың тиімділігін арттыруға және шешім қабылдау кезінде «баламалы үшінші пікірдің» болуын қамтамасыз етуге бағытталған «серпінді» бастама.

3. Нарыққа қатысушылармен өзара іс-қимыл парадигмасын өзгерту. Осы қорытынды бағыт шеңберінде қаржы нарығына қатысушылармен – ҚРҰБ экожүйесіне қатысушылармен (ҚНРДА және еншілес ұйымдар) өзара іс-қимылды трансформациялауға басты назар аударылады. Бұған мыналар кіреді:

- ҚРҰБ экожүйесі шеңберінде деректерді басқаруды ұйымдастыру: ҚНРДА және еншілес ұйымдарға деректерді басқару бөлігінде ұсынымдар (жергілікті жерлерде сынақтан өткізу үшін әдістемелер мен регламенттер) беру, ҚРҰБ және ҚНРДА экожүйесі деңгейінде Деректерді басқару комитетін – деректерді басқару жөніндегі мәселелерді шешуге жауапты бірыңғай үйлестіру органын ұйымдастыру;

- деректерді жинау және тарату: жинау процестерін біріздендіру (деректердің бірыңғай моделі және әдіснамасы), сондай-ақ деректерді тарату бөлігінде «ақылға қонымды ашықтық» қағидатын сақтау – бір жағынан ҚРҰБ жинайтын қаржы ұйымдарының деректеріне ҚНРДА-ның қол жеткізуін қамтамасыз ету (ҚР-ның қолданыстағы заңнамасы шеңберінде), екінші жағынан нарық үшін ҚРҰБ-ның ашық деректерінің қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

Сонымен қатар Деректер фабрикасының нысаналы архитектурасы негізінде Деректер фабрикасының Прототипінің компоненттерін орнату және теңшеу (интеграциялау) бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл ретте Деректер фабрикасының Прототипіне аналитикалық деректер қоймасы, деректерді басқару құралдары (деректер каталогы, деректер сапасы, глоссарий), НАА платформасы (анықтамалықтарды басқару), деректерді виртуалдандыру құралдары кіреді.

Компоненттердің функционалдық және техникалық мүмкіндіктерін, сондай-ақ компоненттердің интероперабельділігін бағалау үшін Деректер

фабрикасының компоненттерін қолданудың аналитикалық сценарийлері іске асырылды.

Бұдан басқа Denodo (виртуализация құралы) және Qlik (визуализация құралы) енгізілді, бұл деректермен жұмыс істеуде еңбек көлемі мен уақытын азайтуға (time to data, time to analytics) мүмкіндік береді.

«Мониторинг, модельдеу және болжау үшін талдау құзыреттілігін және ақпараттың үлкен көлемін талдау мүмкіндіктерін дамыту» бағыты (іске асыру мерзімі – 2024 жылғы 1-тоқсан, ҚРҰБ, ҚНРДА, «БСБ» АҚ)

Мәртебесі: Орындалды.

2024 жылы Деректерді басқару жүйесін дамыту жөніндегі индикативтік іс-шаралар жоспары шеңберінде аналитикалық бөлімшелерге арналған бірқатар білім беру воркшоптары (Qlik Sense, Denodo-да жұмыс істеу) өткізілді, бұл қызметкерлердің деректердің үлкен көлемін өңдеу (тазарту, толықтыру, модельдеу) бойынша құзыреттерін арттыруға мүмкіндік береді.

4.2-мақсат. Цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру

9-нысаналы индикатор: Халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдері:

2024 жылы бөлшек сауданың жалпы көлемінде халықтың қолма-қол ақшасыз төлемдерінің үлесі 89%-ды құрады. Халықтың қолма-қол ақшасыз операциялары көлемінің өсуінің негізгі факторлары:

- халықтың төлемдер мен аударымдарды жүргізу кезінде қашықтықтан цифрлық сервистерді пайдалану жөніндегі қалыптасқан әдеттері;
- қолма-қол ақшасыз операцияларды жүзеге асыру үшін инфрақұрылымды кеңейту (терминалдар желісін кеңейту, мобильді қосымшаларды дамыту), жаңа төлем құралдарының, мысалы, QR-кодтардың кеңінен пайдаланылуын арттыру;
- екінші деңгейдегі банктердің қашықтықтан көрсететін сервистерін жетілдіруі және халыққа цифрлық форматта қызмет көрсету үшін жағдайлар жасауы, оның ішінде кэш-бэк төлемдерін және басқа да бейілділік бағдарламаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүргізуде халықты ынталандыруы болды.

5-стратегиялық бағыт. Зерттеу қызметі

5.1-мақсат. Зерттеу қызметін дамыту

10-нысаналы индикатор: Монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржы тұрақтылығы және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелерін жариялау

2024 жылы монетарлық экономика және макроэкономикалық саясат, қаржылық тұрақтылық және қаржы нарығын реттеу саласындағы зерттеулердің нәтижелері бойынша ҚРҰБ ресми интернет-ресурсында экономикалық зерттеулер түрінде **27** зерттеу жұмысы (working papers), ҚРҰБ-тың «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық шолуы» ресми басылымында

мақалалар, сыртқы референттелген академиялық журналдарда мақалалар жарияланды.

Зерттеу жұмыстары ақша-кредит, фискалдық және макропруденциялық саясаттың өзара іс-қимылы мен үйлестіру, қаржы нарығын, экономиканың нақты секторын дамыту, көрсеткіштердің өзгеріп отырған экономикалық конъюнктураға реакциясын және экономикалық құбылыстар арасындағы өзара байланысты сандық және сапалық жағынан көрсететін экономикалық процестерді модельдеу мәселелеріне арналды.

2024 жылы ақша-кредит саясатына, оның ұзақ мерзімді стратегиясына және қолданылатын құралдарға арналған бірқатар зерттеулер жарияланды, атап айтқанда «МБҚ кірістілік қисығының ыдырауы», «Қазақстан аймақтарында халықтың табысына қатысты тұтынушылық сұраныстың түрлілігін эмпирикалық бағалау», «Монетарлық саясаттың трансмиссиялық тетігі аясында икемделмеген жалақының инфляцияға әсері», «Мұнай бағасын болжау», «Инфляциялық күтулердің медианасын есептеу үшін интервалдардың оңтайлы мөлшерін айқындау», «Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерін талдау», «Номиналды айырбастау бағамы динамикасының Қазақстандағы инфляцияға ауысу әсерінің салдары», «Инфляцияны селективті-аралас болжау жүйесі», «Domestic Inflation Decomposition in a Small Open Economy: Evidence from Import Price Dynamics in Kazakhstan».

Макроэкономикалық үйлестіру мәселелерін зерделеу аясында «Бюджет қағидаларын жетілдіру тетіктері және олардың сақталуын қамтамасыз ету жолдары», «Мемлекеттік борыш нарығындағы бастапқы дилерлер институты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу ерекшеліктері және ендіру перспективалары», «Қазақстандағы фискалдық мультипликаторлар», «Қазақстандағы макроэкономикалық белсенділік және капиталдың контрциклдік буфері», «Macropprudential Policy Effectiveness and Interaction with Monetary Policy: Lessons from Debt Service-to-Income Cap Implementation in Kazakhstan» зерттеулері жүргізілді және жарияланды.

Жекелеген зерттеулер Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметін талдауға, атап айтқанда «Теңгенің нақты айырбастау бағамының динамикасына Баласса-Самуэльсон әсерінің үлесі» және «Қазақстанның сыртқы секторының орнықтылығын бағалау тәсілдері» тақырыптарына арналды.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын бағалау және қаржы секторын зерттеу мәселелері «Қазақстанда үй шаруашылықтарын банктік емес қаржыландыруды талдау», «Сақтандыру аннуитетін және life-insurance саласын дамыту перспективалары», «Кредиттік тәуекелдің Гаустық моделінің көмегімен Қазақстанның банк секторы капиталының жеткіліктілігін бағалау» зерттеулерінде көрініс тапты.

Зерттеу жұмыстарының циклі қаржы индустриясы мен цифрлық технологиялардың өзара байланыстары мен құрылымдық өзгерістерін зерделеумен және талдаумен байланысты болды. Атап айтқанда «Цифрлық қаржы активтерін реттеудің өзіндік моделін қалыптастыру үшін әртүрлі елдерде

қаржы реттеушілерінің криптоактивтер нарығын реттеуге тәсілдерді талдау», «Орталық банктердің цифрлық валюталарын трансшекаралық есеп айырысуларда қолдану», «Қазақстанның қаржы нарығындағы жасанды интеллект: ағымдағы жағдай, перспективалар және реттеушілік тәсілдерді талдау» жұмыстары жарияланды.

Қазақстандағы экономикалық дамуға, экономикалық агенттердің қаржылық жағдайына және өмір сапасына әсер ететін факторларды талдауға бағытталған бірқатар жұмыстар жарияланды: «Компаниялардың корпоративтік сипаттамалары және қаржылық тұрақтылығы: Қазақстан бойынша эмпирикалық нәтижелер», «Халықтың өмір сүру сапасына әсер ететін макроэкономикалық детерминанттар», «Қазақстандағы және көрші елдердегі инвестициялық белсенділікті салыстырмалы талдау: үрдістер, проблемалар, перспективалар».

Мына жарияланған жұмыстар тұрақты даму мен экологиялық жауапкершіліктің экономикалық және қаржылық аспектілеріне арналған: «Әлемдік экономиканы дамытудың негізгі тренді: орнықты дамуды ынталандыру (ESG)», «Жасыл кредиттер. Қазақстанда және әлемде қолдану перспективалары».

11-нысаналы индикатор: Зерттеулер жүргізуге қаржыландыруды ұсыну

ҚРҰБ зерттеу стратегиясының негізгі бөлігі сыртқы әріптестік болып табылады, ол сыртқы зерттеушілермен, академиялық қоғамдастықпен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы зерттеулердің нәтижелері теңдестірілген басқару шешімдерін қабылдау кезінде қосымша тірек болуға және қазақстан мен әлемдік экономиканың өзекті мәселелерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми ойды дамыту, ғылыми дискурсты және кәсіби пікірлерді қалыптастыру мақсатында ҚРҰБ қызметінің басым бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу үшін гранттар беру жөніндегі ҚРҰБ бағдарламасы шеңберінде 2024 жылы «Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейі» тақырыбында жоғары оқу орындарына 2 зерттеу гранты берілді.

Қолма-қол ақша айналымының даму тенденцияларын бағалау, қолма-қол ақшаға сұранысты қалыптастыру факторларын анықтау, сондай-ақ экономика субъектілерінің қолма-қол ақшаны және олардың номиналды құрылымын пайдалануды зерттеу мақсатында 2024 жылы қолма-қол ақшаны пайдаланудың орта мерзімді перспективаларына социологиялық зерттеу жүргізілді.

ҚР Үкіметі мен ҚРҰБ арасындағы ғылыми-зерттеу қызметі бойынша ынтымақтастықты күшейту шеңберінде 2024 жылы макроэкономикалық зерттеу басталды, оның барысында ҚРҰБ ел экономикасында болып жатқан процестер мен бар құрылымдық проблемаларды тереңірек түсінуге ықпал ететін нәтижелер алуды күтуде, бұл баға тұрақтылығы жөніндегі мандат шеңберінде үйлестірілген монетарлық саясатты жүргізу үшін аса қажет.